

Қазақстан Республикасындағы гендерлік саясат тұжырымдамасы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 27 қарашадағы N 1190 Қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 30 қыркүйектегі № 994 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.09.30 № 994 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 қыркүйектегі N 903 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003-2006 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 6.7.3.-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасындағы гендерлік саясат тұжырымдамасы мақұлдансын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3 ж ы л ғ ы

2 7

қ а р а ш а д а ғ ы

N 1 1 9 0

қ а у л ы с ы м е н

мақұлданған

Қазақстан Республикасындағы гендерлік саясат тұжырымдамасы

Астана қаласы, 2003 ж.

Кіріспе

2000 жылғы қыркүйекте өткен Мыңжылдық саммитінде әлемнің көптеген елдерінің лидерлері Біріккен Ұлттар Ұйымының Мыңжылдық декларациясын қабылдады, оның сегіз мақсатының бірі гендерлік теңдікті қолдау болып а й қ ы н д а л ғ а н .

Бұл мәселеге БҰҰ Бас ассамблеясының "Әйелдер 2000 жылы: әйелдер мен ерлер арасындағы теңдік, ХХІ ғасырдағы даму және әлем" (2000 ж., маусым) ХХІІІ арнайы сессиясы арналды. Осы сессияға қатысушы үкіметтерге әйелдердің

өмірдің барлық салалары мен барлық деңгейлеріне тең қол жеткізуін және толық ауқымда қатысуын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдауды ұсынды. Қазақстан Республикасындағы гендерлік саясат тұжырымдамасы (бұдан әрі - Тұжырымдама) Қазақстандағы гендерлік саясаттың негізгі қағидаттарын, басымдықтары мен міндеттерін белгілейді.

Гендерлік саясаттың негізгі қағидаттары Қазақстан Республикасының Конституциясымен кепілдік берілген әйелдер мен ерлердің тең құқығы мен е р к і н д і г і н б е л г і л е й д і .

Қазақстандағы гендерлік саясаттың міндеттеріне әйелдер мен ерлердің билік құрылымдарында теңдестірілген қатысуына қол жеткізу, экономикалық тәуелсіздіктің барлық тең мүмкіндіктерін қамтамасыз ету, өз бизнесін дамыту және қызмет бабында ілгерілеу, отбасында құқықтар мен міндеттерді тең жүзеге асыру үшін жағдайлар жасау, жыныстық белгісі бойынша зорлықтан еркін болу ж а т қ ы з ы л а д ы .

Тұжырымдама Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясы , Қазақстан Республикасында әйелдердің жағдайын жақсарту жөніндегі ұлттық іс-қимыл жоспары, әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы Біріккен Ұлттар Ұйымының конвенциясы, ол конвенцияның Қазақстанда орындалуы жөнінде БҰҰ-ның ұсыныстары, басқа да бекітілген халықаралық шарттар мен келісімдердің негізінде әзірленді.

Қазақстан Республикасындағы гендерлік саясат Тұжырымдамасы халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайы тұрақталуының және ел экономикасының орнықты дамуының (2010 жылға дейін) қазіргі кезеңіне, сондай-ақ ұзақ мерзімді перспективаға (2030 жылға дейін) есептелген.

Әйелдерге қатысты мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтары бойынша Қазақстандағы қазіргі заманғы гендерлік ахуал

Қазақстан тәуелсіздігі жылдары Қазақстанның әлемдік қоғамдастыққа интеграциялануы жөнінде үлкен жұмыстар атқарылды.

1998 жылы Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенциясына қосылды. Осы конвенцияға факультативтік хаттама бекітілді, ал 2001 жылы Қазақстан Республикасы конвенцияның орындалуы туралы БҰҰ-ға есеп берді, бұл есепке оң баға берілді. БҰҰ-ның " Әйелдердің саяси құқығы туралы", " Тұрмыстағы әйелдің азаматтығы туралы" конвенциясы, Халықаралық еңбекті ұйымдастырудың алты конвенциясы, оның ішінде " Бірдей еңбек еткені үшін ерлер мен әйелдерді тең марапаттау туралы" конвенциялар бекітілді.

Отбасы, әйелдер және балалар проблемасын шешу үшін 1995 жылы Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Отбасы, әйелдер және демографиялық саясат проблемалары жөніндегі кеңесті құрды. Кеңес Қазақстан Республикасындағы әйелдер жағдайын жақсартудың мемлекеттік саясатының тұжырымдамасын әзірледі және Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 5 наурыздағы N 3395 өкімімен мақұлданды.

1998 жылы Кеңес Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Отбасы және әйелдер істері жөніндегі ұлттық комиссия (бұдан әрі - Ұлттық комиссия) болып қайта құрылды. 1999 жылы Ұлттық комиссия тұңғыш рет Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 19 шілдедегі N 999 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы әйелдердің жағдайын жақсарту жөніндегі ұлттық іс-қимыл жоспарын әзірледі.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылы 19 қыркүйектегі N 947 Жарлығымен Адам құқықтары жөніндегі өкіл лауазымы енгізілді, онда гендерлік мәселелер бойынша маман қызмет істейді.

Гендерлік қатынастарды айшықты бейнелеу үшін елімізде "Қазақстанның әйелдері мен ерлері" атты жыл сайынғы арнайы статистикалық жинақ шығарылады. Отбасының, әйелдер мен балалардың мүдделерін қорғау үшін Қазақстан Республикасының Парламентінде заңдылық деңгейінде "Отбасы" депутаттар тобы құрылды.

Денсаулық сақтау мәселелеріне үлкен назар аударылуда. Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 16 қарашадағы N 4153 Жарлығымен бекітілген "Халықтың денсаулығы" мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 14 қыркүйектегі N 1207 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында Спид эпидемиясына қарсы іс-қимыл жөніндегі бағдарлама, сондай-ақ халық денсаулығын қорғау проблемалары бойынша бірқатар мақсатты бағдарламалар іске асырылуда.

Әйелдерді зорлықтан қорғау мәселелеріне айрықша көңіл бөлінеді. Қазақстан Республикасы Ішкі Істер Министрлігінің жүйесінде әйелдерге қатысты зорлық көріністеріне қарсы күрес жөніндегі арнайы бөлімшелер жұмыс істейді. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 12 наурыздағы N 346 қаулысымен әйелдерге қатысты зорлық проблемаларымен айналысатын мемлекеттік органдардың, ұйымдар мен қоғамдық бірлестіктердің өзара іс-қимылын ұйымдастыру ережесі бекітілді.

Заңсыз кетуге және кейіннен жыныстық немесе өзге де пайдаланушылық мақсатындағы заңсыз көші-қонға қарсы күрес мәселелеріне қатысты 2003 жылы "Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды.

Трафикке қарсы күреске бағытталған Қазақстан Республикасының басқа да заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Қазақстан Республикасының Қылмыстық және Қылмыстық-процессуалдық кодекстеріне ішінара гендерлік сараптама жүргізілді.

Әйелдер мен балаларға қатысты зорлық пен трафикке қарсы күрес жөнінде ақпараттық-насихат науқаны жүргізіледі.

Сонымен бірге елімізде шын мәніндегі гендерлік теңдікке қол жеткізу үшін әлі де көп жұмыстарды атқару міндеті тұр.

Басшылық лауазымдарындағы әйелдер ерлерге қарағанда елеулі түрде аз. 2003 жылдың IV тоқсанындағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының Парламентінде небәрі 11 әйел ғана бар, бұл Парламент депутаттарының жалпы санының 9,5 пайызын құрайды.

Осы кезеңге 16 министрліктің тек екеуінде ғана әйел министр болып табылады. Бұдан басқа біреуі Қазақстанның шетелдегі елшісі болып қызмет істейді, біреуі Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясын және біреуі Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігін басқарады.

Еңбек рыногында еркектерге қарағанда әйелдерге сұраныс аз. Әйелдер жалақысы ерлер еңбегіне ақы төлеудегі арақатынас тең жалақы ала отырып, әйелдер, әдетте, неғұрлым төмен лауазымдарды иеленеді. Олар кез келген жұмысқа, оның ішінде зиянды және ауыр еңбек жағдайларына келісуге мәжбүр. Қазіргі кезде мұндай өндірістерде бес жүз мыңға жуық әйелдер жұмыс істейді. Әйелдер кәсіпкерлігін дамытуда да проблемалар бар. Әйелдерге қатысты қылмыс жоғары деңгейде қалып отыр.

Қазақстан Республикасындағы гендерлік теңдікке қол жеткізу жөніндегі шаралар

Институционалды-ұйымдастырушылық сипатта

Мемлекеттік бюджетті қалыптастыру, мемлекеттік жоспарлар мен бағдарламаларды әзірлеу кезінде Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жағдайлары ескеріле отырып әзірленген гендерлік индикаторларды пайдалану көзделіп отыр. Әлемдік тәжірибеге сәйкес гендерлік статистиканы жетілдіру жалағастырылады.

Халыққа гендерлік білім берудің тиімді жұмыс істейтін жүйесін құру, мектептер мен колледждер, орта арнаулы оқу орындары мен жоғары оқу

орындарына арналған оқу құралдарын шығаруды ұйымдастыру, сондай-ақ тұрғындар үшін буклеттер мен әр алуан басылымдар шығару жоспарланып отыр.

Саясатта

Үкіметтік емес және халықаралық ұйымдардың, гендерлік білім беру жөніндегі мамандардың қатысуы кезінде және сарапшылардың көмегімен әйелдердің лидерлік дағдылары мен қабілеттерін дамыту үшін әйел саясаткерлерді оқыту мен даярлаудың жалпы ұлттық желісін ұйымдастыру көзделіп отыр. Елдегі гендерлік теңдікті кеңінен насихаттау үшін журналистерге арналған гендерлік білімнің жалпы білім беру курсы енгізу ұйғарылды.

Экономика мен еңбек саласында

Еңбек рыногындағы шиеленісті төмендету үшін екі негізгі бағытты дамыту көзделуде. Еңбек рыногында әйел еңбегіне сұраныстың артуын білдіретін және еңбек рыногында оның бәсекеге қабілеттілігін арттыратын тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету және әйелдердің жұмысқа қамтылуына жәрдемдесу. Бұл үшін жұмысқа қабылданған және босатқан кезде жүктілік және босануы бойынша жұмыс берушілердің жәрдемақы төлеуіне кепілдіктер кезінде әйелдердің құқығын сақтауды қамтамасыз ету қажет.

Қазақстанның "Ер және әйел еңбеккерлерге тең қарау мен тең мүмкіндіктер туралы: отбасылық міндеттемелері бар еңбеккерлер" атты Халықаралық еңбекті ұйымдастыру конвенциясына қосылуы туралы мәселе қаралады.

Кейбір мамандықтар бойынша әйелдердің жұмысын шектейтін еңбек заңнамасының нормаларын қайта қарау ұсынылады. Бос орындар хабарланған кезде ерекше жағдайларды қоспағанда, қызметкердің жынысы көрсетілмейді.

М ы н а д а й :

еңбек рыногында қолдау консультация - оқытуға, еңбекке орналастыруға көмек жүйесін қолдана отырып, әйелдердің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға
ы қ п а л е т е т і н ;

әйелдер арасында кәсіпкерлікті және өзін-өзі жұмыспен қамтуды одан әрі
д а м ы т у б о й ы н ш а ;

әйелдерді кәсіби қайта даярлау, әкімшілендіруге үйретуге және бизнесті басқару бойынша бағдарламаларды енгізу ұсынылады. Бұл ретте оқу мынадай: бизнес-менеджмент, өзіне сенімді болуға тәрбиелеу және біліктілікті арттыру сияқты тақырыптарға шоғырландырылады.

Барлық жерде әйелдердің экономикалық білім беру орталықтары, оның ішінде ақылы негізде де құрылады, әйелдер арасында кәсіпкерлікті қаржылай

қолдау, консультативтік және маркетингтік қызметтерді кеңінен дамыту жолымен шағын және орта бизнесті дамыту жөніндегі шаралар жетілдіріледі.

Қазақстан Республикасының "Шағын несиелі ұйымдар туралы" Заңына сәйкес халыққа шағын несие беру неғұрлым кеңірек дамиды. Әлеуметтік-экономикалық дамудың аймақтық жоспарына халыққа шағын несие беру жөніндегі бағдарламаларды қамту көзделуде.

Әйелдердің еңбекке сұранысы экономикадағы әрі қарайғы қайта құруларды жүргізу кезінде ескеріліп және қолдау табуға тиіс. Ауыл шаруашылығында, оның ішінде ауылшаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу саласында әйелдердің жұмыспен қамтылуына айрықша көңіл бөлінеді.

Әйелдерге қызмет бабында ілгерілеу және үйдегі міндеттері мен балалардың тәрбиесін табысты мансаппен үйлестіруге жағдай туғызу кезінде тең жағдайларға қол жеткізуде кепілдіктер беріледі.

Қызметтер мен жұмыс орындарын ұсынатын мемлекеттік және жеке мектепке дейінгі балалар мекемелерінің дамуы ынталандырылады. Балаларды бағып-қағумен және олардың тәрбиесімен айналысатын әйелдер мен ерлерді қолдау жөніндегі шаралар белгіленіп отыр.

Халықты атаулы әлеуметтік қорғауды жетілдіру жалғастырылады. Балалардың саны мен салық салуды есепке ала отырып ерлі-зайыптылардың кірістерін ескеретін жәрдемақының саралау жүйесін енгізу көзделуде.

Гендерлік теңдік мәселелерін шешуде әлеуметтік әріптестіктің ролін арттыру көзделіп отыр. Кәсіподақтар жұмыс берушілер алдында қызметкерлердің мүдделерін белсенді түрде қорғайтын болады. Жұмыс орындарында гендерлік теңдікті сақтай отырып ахуалды зерттеу үшін қызметкерлердің, әкімшіліктің және кәсіподақтардың еркін білдірудің мынадай әр алуан нысандары пайдаланылады: жиналыстар, әйелдер мен ерлердің тең мүмкіндіктерін сақтау жөніндегі ұсыныстарды жинау, өз пікірлері мен ойларын жазбаша білдіру.

Мекемелер мен кәсіпорындарда әйелдер мен ерлер үшін олардың физиологиялық және ұрпақ әкелетін ерекшеліктерін ескере отырып, мынадай орындар: гигиена, бала емізетін аналарға арналған психологиялық арылту бөлмелерін ашу тәжірибесі жалғастырылады.

Денсаулығын нығайту жөнінде

Негізгі міндет - халықтың денсаулығын нығайту және өмір сүру сапасын арттыру үшін жағдай жасау. Бұған қабылданған бағдарламаларды іске асыру, сондай-ақ денсаулық сақтау жөніндегі жаңа бағдарламаларды әзірлеу мен енгізу

ы қ п а л

е т е д і .

Әйелдердің қан аздығы мен сүт бездерінің рагына қарсы күрес әйелдер

проблемаларымен айналысатын тиісті органдар мен үкіметтік емес ұйымдардың қызметтері басым бағыттар болып қалады.

Салауатты өмір салтын кеңінен насихаттау мен енгізу жалғастырылады.

Халықтың ұрпақ қалдыру саулығына айрықша көңіл бөлінеді. Қазақстан Республикасының "Халықтың репродуктивті құқығы және оны жүзеге асырудың кепілдіктері туралы" Заңын қабылдау, еліміздің аймақтық ерекшеліктерін ескере отырып, жас ерекшелігіне қарай әйелдердің ұрпақ әкелетін бөлігінің денсаулығын қорғаудың ғылыми негіздерін жетілдіру жөніндегі бағдарламаларды әзірлеу жоспарланып отыр.

Б ұ д а н б а с қ а м ы н а д а й :

отбасы институтын, оны жоспарлау қағидаттарын, жеке денсаулығын қорғау институтын қолдауда қоғамдық пікірді қалыптастыру;

медициналық-санитарлық қызмет көрсетуді кеңейту, акушерлік-гинекологиялық қызметті дамыту мен оны жаңғыртуға өңірлік көзқарас; медициналық көмектің сапасын арттыру;

ана өлімін азайту мақсатында жүктілікті ұзу үшін медициналық және әлеуметтік көрсеткіштерді қайта қарау;

белсенді өмір сүру қызметін ұзарту және жақсарту үшін егде тартқан адамдардың денсаулығын қорғау жөнінде шаралар қолданылады.

Әйелдер мен балаларға қарсы зорлықты түп-тамырымен жою жөнінде

Әйелдер мен балаларға қатысты зорлық, отбасы мен тұрмыстағы зорлық салдарларына баға беру проблемалары бойынша арнайы ғылыми зерттеулер жүргізілуге тиіс.

Әйелдер мен балалардың зорлықтан қорғауға арналған құқықтарын іске асырудың тұрақты мониторингін жүргізу көзделуде. Бұл ретте халықтың мынадай әлеуметтік осал топтарына: босқындарға, тұрғылықты мекен-жайлары жоқ адамдарға, мүмкіндіктері шектелген адамдарға ерекше көңіл бөлінеді.

Полицейлерді, соттар мен прокурорларды, медициналық және әлеуметтік қызметкерлерді, педагогтарды зорлықтың құрбандарына қажетті жеке қауіпсіздігі, балаларға қамқорлық және экономикалық қолдауды қамтамасыз ету жағдайларында тиімді іс-қимылдарға үнемі кәсіби оқыту ұсынылады.

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі жүйесінің білім беру мекемелерінің, университеттердің заң және психология факультеттерінің оқу бағдарламаларына әйелдер мен балаларға қатысты зорлық проблемалары бойынша тереңдетілген мамандандырылған курстар енгізу қарастырылып отыр.

Дағдарыс орталықтары, сенім телефондары, зорлық құрбандарына арналған

баспаналар мен паналау желілерін кеңейту көзделуде. 2010 жылға қарай мұндай орталықтарды барлық қалалар мен аудан орталықтарында құру жоспарланып отыр.

Ішкі істер министрлігі бөлімшелерінің, әлеуметтік қызметтер мен үкіметтік емес ұйымдардың күшімен отбасында зорлық жасаған адамдармен алдын-ала жұмыс жүргізу көзделуде.

Әйелдер мен балаларға қатысты зорлыққа қарсы күресте ерлердің ролін белсенді ету, оларды ақпараттық-ағартушылық, білім беру және алдын алу жұмыстарына тарту ұсынылады.

Мемлекеттік органдардың, халықаралық және үкіметтік емес ұйымдардың тұрмыстық зорлық жасауға қарсы күрес мәселелері бойынша іс-қимылдарының өзара әрекет етуі мен үйлестіруді күшейту жөнінде шаралар қолдану ұйғарылып отыр. Тұрмыстық зорлық жасаудың алдын алу мен жолын кесу туралы заң жобасымен әрі қарай жұмыс істеу көзделіп отыр.

Тұрақты ақпараттық, әсіресе шағын қалалар мен ауылдық жерлерде әйелдерге қатысты зорлықтың алдын алу жөніндегі науқандарды жүргізу көзделіп отыр.

Гендерлік саясат тұжырымдамасын іске асыру

Қазақстан Республикасындағы гендерлік саясат Тұжырымдамасын іске асыру азаматтардың құқығы оларды іске асырудың нақты мүмкіндіктерімен бекітілген шын мәніндегі демократиялық мемлекеттің құрылуы жөніндегі нақты бағдарламаларды әзірлеуге ықпал етеді.